

**Медициналық мақсаттағы бұйымды медицинада
қолдану жөніндегі нұсқаулық**

Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы

Като тәсілімен нәжістен ішеккұрттар жұмыртқасын анықтауға арналған «Като Тәсілі» реагенттер жинағы

Бұйымның құрамы мен сипаттамасы

- Като реактиві - 1 құты (50 мл).
- Целлофанды жабындағыш пластиналар - 500 дана.
- Силикон резеңкеден жасалған тығын – 1 дана.

Реагенттер жинағы клиникалық-диагностикалық зертханаларда нәжістен гельминттерді және олардың жұмыртқаларын анықтауға арналған.

Жинақ 500 сынаманың талдамасына есептелген.

Өндіруші ұйымның атауы және (немесе) тауарлық белгісі

«ЭКОлаб» ЖАҚ, Ресей

Қолданылу саласы

Емдеу-профилактикалық мекемелерінің клиникалық-диагностикалық зертханалары.

Тек клиникалық зерттеулер үшін

Қолдану тәсілі

Тәсілдің принципі

Гельминттер жұмыртқалары глицеринмен ағартылған және малахитті жасылмен боялған нәжістің жуан жағындысында анықталады.

Жинақтың талдамалық және диагностикалық сипаттамалары

Жағындыны Като реактивімен ағарту уақыты 18-25 °С кезінде 1 сағаттан аспайды.

Жабдықтары, материалдары, реагенттері:

- шыны заттар;
- шыны немесе ағаш таяқшалар;
- пинцет;
- термостат;
- таймер (секундомер);
- микроскоп;
- резеңке немесе пластик қолғаптар.

Талданатын сынамалар

Нәжіс. Нәжісті оны бөліп алғаннан кейін 8-12 сағаттан кешіктірмей зерттейді, ал оған дейін оны 3-5°С температурада сақтау керек. Нәжісті таза, құрғақ, мойыны кең қақпағы бар немесе пластмасса ыдысқа жинайды.

Талдаманы жүргізу

Талдамаға дайындау

Като Реактиві

Қолдануға дайын.

Құтыны ашқаннан кейін реактивті бөлме (18-25°С) температурасында тығыз жабылған құтыда бүкіл жарамдылық мерзімі ішінде сақтауға болады.

Целлофанды жабындағыш пластиналарды Като реактивімен өңдеу.

Целлофанды жабындағыш пластиналардың талдама үшін қажетті санын Като реактивіне олар бір-біріне жанасатындай орналастыру және 24 сағат (100 пластинаға 10 мл реактивтен келетіндей) ұстау керек.

Дайын пластиналарды Като реактивінде, бөлме температурасында тығыз жабылған ыдыста жинақтың бүкіл жарамдылық мерзімі ішінде сақтайды.

Талдаманы жүргізу

Нәжістің аз ғана (30-50) мг (бұршақтай көлемдегі) бөлігін су немесе қандай-да бір басқа сұйықтық қоспастан заттық шыныға жағу және жеке (шыны немесе ағаш) таяқшамен үйкеу керек.

Нәжісті Като реактивімен өңделген целлофанды жабындағыш пластинамен жабу және силиконды резеңкеден жасалған тығынмен жұқа, біркелкі мөлдір қабат алынғанға дейін үйкелеу керек.

Нәжіс заттық шыныда целлофанды жабындағыш пластина шегінде үйкелуі және оның астына қарай басылмауы тиіс. Жағындыны ағарту үшін бөлме температурасында 1 сағат бойы немесе 40°C термостатта 20-30 минут бойы қалдыру, бұдан кейін оны микроскоптың астында қарау керек. Жылдың ыстық мерзімінде қатты кеуіп кетуінен аулақ болу үшін жағындыны 30-40 минуттан кейін микроскоппен қарайды. Кейбір жағдайларда препараттың шамадан тыс құрғауынан аулақ болу үшін дайындалған препараттың целлофанды жабындағыш пластина ылғал губканы қою керек.

Жағындыны микроскоппен ұлғайтып қарау керек: объективі $\times 8$ немесе $\times 10$, окуляры $\times 7$ немесе $\times 10$ (гельминттер жұмыртқаларының морфологиялық құрылысын зерттеу үшін объектив $\times 40$)

Нәтижелерді бағалау

Нативті жағындыдағыға қарағанда 20-30 есе көп нәжісті қарап шығуға мүмкіндік береді.

Түрлік қатыстылығын ескере отырып бүкіл жағындыдағы гельминттердің анықталған жұмыртқаларын есептеу керек. Тәсіл аскаридалармен, түкті бастылармен, трематодтармен, тенидтермен және басқа да түрлермен кейде анкилостомалармен немесе ергежейлі цепнемен жұқпа жұқтыруды анықтайды.

Медициналық мақсаттағы бұйымды идентификациялау үшін пайдаланушыға қажетті деректер:

Каталогтың нөмірі – 38.08 (жиынтық)

Медициналық мақсаттағы бұйымға жиынтықтағыштар тізбесі

Жиынтықталымы

Жиынтық

- Като Реактиві - 1 құты (50 мл).
- Целлофанды жабындағыш пластиналар - 500 дана.
- Силиконды резеңкеден жасалған тығын – 1 дана.

Сақтау шарттары

Жинақ дайындаушы кәсіпорынның қаптамасында (18-25°C) бөлме температурасында бүкіл жарамдылық мерзімі ішінде сақталуы тиіс.

Құтыны ашқаннан кейін Като Реактивін бөлме температурасында тығыз жабылған құтыда жинақтың бүкіл жарамдылық мерзімі ішінде сақтауға болады.

Целлофанды жабындағыш пластиналарды бөлме температурасында жинақтың бүкіл жарамдылық мерзімі ішінде сақтауға болады.

Жарамдылық мерзімі

Жарамдылық мерзімі – 2 жыл (24 ай).

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды

Сақтық шаралары

Жинақты қолданудың әлеуетті қаупі –2а класы.

Жинақтың құрамына малахитті жасыл фенол енеді. Жинақтың барлық компоненттері қолданылатын концентрацияларында уытсыз болып табылады.

Олармен жұмыс істеген кезде абай болу және тері мен шырышты қабыққа тиюіне жол бермеу керек; тиген кезде зақымданған жерді дереу ағынды судың мол мөлшерімен жуу керек. Жұтып қойғанда 0,5 л жылы су ішкізу және құсқызу керек.

Сақтық шаралары – құрылғының, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитария ережелерін, эпидемияға қарсы режимді және санитарлық-эпидемиологиялық мекемелер зертханаларында (бөлімшелерінде, бөлімдерінде) жұмыс істегенде жеке гигиена ережелерін сақтау керек.

Реагенттер жинағын утилизациялауды немесе жоюды, дезинфекциялауды Қазақстан Республикасындағы утилизациялау мен жоюды реттейтін ережелер мен нормаларға сәйкес жүргізу керек.

Жинақпен жұмыс істегенде бір реттік резеңке немесе пластик қолғаптар кию керек.

Осыған сәйкес медициналық мақсаттағы бұйым өндірілген нормативтік құжат

Като тәсілімен нәжістен ішекқұртар жұмыртқасын анықтауға арналған «Като Тәсілі» реагенттер жинағының техникалық шарттары - ТШ 9398-099-70423725-2012

Өндіруші ұйым:

«ЭКОлаб» ЖАҚ; заңды мекенжайы: Ресей Федерациясы, 142530, Мәскеу облысы, Электрогорск қ-сы, Буденный к-сі, 1 үй, тел. (49643) 3-23-11- сату бөлімі, 3-30-93- ОБТК, факс 3-31-43.

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан сапа мәселелері жөніндегі шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы:

«ЭКОлаб КЗ» ЖШС; заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 070019, Өскемен қ-сы, Буров к-сі, 53, №1 кеңсе, тел/факс 26-21-55, тел. 21-23-52.